

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 9 қаңтардағы № 3 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 20 қаңтарда № 4070 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 19 қаңтардағы № 23 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 19.01.2024 № 23 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының б) тармақшасына, 27-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына және "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14010 тіркелген) сәйкес, Қарасай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегенде, мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыскерлердің тізімдік саны бар ұйымдарға мынадай:

1) елуден жүз адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

2) жүз бірден екі жүз елу адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;

3) екі жүз елу бірден артық адам - жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайызы мөлшерінде квота белгіленсін

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Назарбаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Бигельдиев

